ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК
ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ
КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ
ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ

---

БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

27 ноября 2018 года № 1133

## Об учреждении некоммерческого акционерного общества «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова»

В соответствии с законами Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» и в реализацию пунктов 1 и 7 постановления Правительства Республики Казахстан от 5 апреля 2018 года № 166 «О вопросах создания некоммерческого акционерного общества «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», на основании письма Министерства здравоохранения Республики Казахстан от 17 апреля 2018 года № 15-2-11/9460, и отчетов об оценке государственного пакета акций акционерного общества «Казахский научно-исследовательский институт онкологии и радиологии» от 6 ноября 2018 года № 2018-678АС, акционерного общества «Научный центр акушерства, гинекологии и перинатологии» от 18 октября 2018 года № 2018-655АС, акционерного общества «Научный центр педиатрии и детской хирургии» от 18 октября 2018 года № 2018-651АС, акционерного общества «Научно-исследовательский институт кардиологии и внутренних болезней» от 23 октября 2018 года № 2018-677АС, акционерного общества «Национальный научный центр хирургии имени А.Н. Сызганова» от 30 октября 2018 года № 2018-666АС, подготовленных товариществом с ограниченной ответственностью «Kazakhstan Business Service Company»,

**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Учредить некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова» (далее – Общество) со стопроцентным участием государства в уставном капитале.

2. Установить:

1) уставный капитал Общества, оплачиваемый единственным учредителем, в размере 20 297 926 000 (двадцать миллиардов двести девяносто семь миллионов девятьсот двадцать шесть тысяч) тенге;

2) количество объявленных акций Общества, составляющее 20 297 926 (двадцать миллионов двести девяносто семь тысяч девятьсот двадцать шесть) штук простых акций;

3) номинальную стоимость одной акций Общества в размере 1000 (одна тысяча) тенге.

000435

3. Передать в оплату уставного капитала Общества:

1) государственный пакет акций акционерного общества «Казахский научно-исследовательский институт онкологии и радиологии» (далее – АО «КазНИИОР») в количестве 4 349 512 (четыре миллиона триста сорок девять тысяч пятьсот двенадцать) штук простых акций, что составляет 100% от общего количества размещенных акций АО «КазНИИОР», оцененный на сумму 3 664 397 000 (три миллиарда шестьсот шестьдесят четыре миллиона триста девяносто семь тысяч) тенге;

2) государственный пакет акций акционерного общества «Научный центр акушерства, гинекологии и перинатологии» (далее – АО «НЦАГП») в количестве 3 406 208 (три миллиона четыреста шесть тысяч двести восемь) штук простых акций, что составляет 100% от общего количества размещенных акций АО «НЦАГП», оцененный на сумму 3 426 439 000 (три миллиарда четыреста двадцать шесть миллионов четыреста тридцать девять тысяч) тенге;

3) государственный пакет акций акционерного общества «Научный центр педиатрии и детской хирургии» (далее – АО «НЦПДХ») в количестве 3 361 769 (три миллиона триста шестьдесят одна тысяча семьсот шестьдесят девять) штук простых акций, что составляет 100% от общего количества размещенных акций АО «НЦПДХ», оцененный на сумму 3 532 381 000 (три миллиарда пятьсот тридцать два миллиона триста восемьдесят одна тысяча) тенге;

4) государственный пакет акций акционерного общества «Научно-исследовательский институт кардиологии и внутренних болезней» (далее – АО «НИИКВБ») в количестве 5 029 735 (пять миллионов двадцать девять тысяч семьсот тридцать пять) штук простых акций, что составляет 100% от общего количества размещенных акций АО «НИИКВБ», оцененный на сумму 4 992 069 000 (четыре миллиарда девятьсот девяносто два миллиона шестьдесят девять тысяч) тенге;

5) государственный пакет акций акционерного общества «Национальный научный центр хирургии имени А.Н. Сызганова» (далее – АО «ННЦХ») в количестве 4 713 403 (четыре миллиона семьсот тринадцать тысяч четыреста три) штук простых акций, что составляет 100% от общего количества размещенных акций АО «ННЦХ», оцененный на сумму 4 682 640 000 (четыре миллиарда шестьсот восемьдесят два миллиона шестьсот сорок тысяч) тенге.

3. Избрать регистратором Общества акционерное общество «Единый регистратор ценных бумаг».

4. Избрать Нургожина Талгата Сейтжановича (далее – Уполномоченное лицо) лицом, уполномоченным на:

1) подписание от имени Общества документов для государственной регистрации в органах юстиции Республики Казахстан;

2) осуществление финансово-хозяйственной деятельности Общества и представление его интересов перед третьими лицами до образования органов Общества.

5. Уполномоченному лицу в соответствии с законодательством, в течение 30 (тридцати) дней со дня государственной регистрации Общества, от его имени:

1) заключить договор об оказании услуг по формированию, ведению и хранению реестра держателей акций с регистратором Общества;

2) обеспечить государственную регистрацию выпуска объявленных акций Общества в уполномоченном органе;

3) принять иные меры, вытекающие из настоящего приказа.

6. Утвердить прилагаемые:

1) Устав Общества;

2) Методику определения стоимости акций при их выкупе Обществом.

7. Настоящий приказ является протокольным решением единственного учредителя Общества и вступает в силу со дня подписания.

**Председатель** **Б. Ташенов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК
ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ
КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ
ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ

БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

2018 жылғы 27 қараша № 1133

## «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 166 қаулысының 1 және 7-тармақтарын іске асыруда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 15-2-11/9460 хаты мен «Kazakhstan Business Service Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дайындаған 2018 жылғы 6 қарашадағы № 2018-678АС «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының, 2018 жылғы 18 қазандағы № 2018-655АС «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамының, 2018 жылғы 18 қазандағы № 2018-651АС «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» акционерлік қоғамының, 2018 жылғы 23 қазандағы № 2018-677АС «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының, 2018 жылғы 30 қазандағы № 2018-666АС «А.Н. Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамының акцияларының мемлекеттік пакетін бағалау туралы есептердің негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) құрылсын.

2. Мыналар:

1) жалғыз құрылтайшы төлейтін 20 297 926 000 (жиырма миллиард екі жүз тоқсан жеті миллион тоғыз жүз жиырма алты мың) теңге мөлшерінде Қоғамның жарғылық капиталы;

2) 20 297 926 (жиырма миллион екі жүз тоқсан жеті мың тоғыз жүз жиырма алты) дана жай акцияны құрайтын Қоғамның жарияланған акцияларының саны;

3) 1000 (бір мың) теңге мөлшерінде Қоғамның бір акциясының номиналды құны белгіленсін.

3. Қоғамның жарғылық капиталын төлеуге:

000431

1) «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚазОРҒЗИ» АҚ) орналастырылған акцияларының жалпы санының 100%-ын құрайтын 3 664 397 000 (үш миллиард алты жүз алпыс төрт миллион үш жүз тоқсан жеті мың) теңге сомаға бағаланған саны 4 349 512 (төрт миллион үш жүз қырық тоғыз мың бес жүз он екі) дана жай акция «ҚазОРҒЗИ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті;

2) «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «АГПҒО» АҚ) орналастырылған акцияларының жалпы санының 100%-ын құрайтын 3 426 439 000 (үш миллиард төрт жүз жиырма алты миллион төрт жүз отыз тоғыз мың) теңге сомаға бағаланған саны 3 406 208 (үш миллион төрт жүз алты мың екі жүз сегіз) дана жай акция «АГПҒО» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті;

3) «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ПБХҒО» АҚ) орналастырылған акцияларының жалпы санының 100%-ын құрайтын 3 532 381 000 (үш миллиард бес жүз отыз екі миллион үш жүз сексен бір мың) теңге сомаға бағаланған саны 3 361 769 (үш миллион үш жүз алпыс бір мың жеті жүз алпыс тоғыз) дана жай акция «ПБХҒО» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті;

4) «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «КІАҒЗИ» АҚ) орналастырылған акцияларының жалпы санының 100%-ын құрайтын 4 992 069 000 (төрт миллиард тоғыз жүз тоқсан екі миллион алпыс тоғыз мың) теңге сомаға бағаланған саны 5 029 735 (бес миллион жиырма тоғыз мың жеті жүз отыз бес) дана жай акция «КІАҒЗИ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті;

5) «А.Н. Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҰҒХО» АҚ) орналастырылған акцияларының жалпы санының 100%-ын құрайтын 4 682 640 000 (төрт миллиард алты жүз сексен екі миллион алты жүз қырық мың) теңге сомаға бағаланған саны 4 713 403 (төрт миллион жеті жүз он үш мың төрт жүз үш) дана жай акция «ҰҒХО» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті берілсін.

4. «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы Қоғамның тіркеушісі болып сайлансын.

5. Талғат Сейтжанұлы Нұрғожин (бұдан әрі – Уәкілетті тұлға):

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеу үшін Қоғамның атынан құжаттарға қол қоюға;

2) Қоғамның органдары құрылғанға дейін Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және үшінші тұлғалардың алдында оның мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлға болып сайлансын.

6. Уәкілетті тұлға заңнамаға сәйкес Қоғам мемлекеттік тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде оның атынан:

1) Қоғамның тіркеушісімен акция ұстаушылардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау бойынша қызметтерді көрсету туралы шарт жасассын;

2) уәкілетті органда Қоғамның жарияланған акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Қоса беріліп отырған:

1) Қоғамның Жарғысы;

2) Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

8. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз құрылтайшысының хаттамалық шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Төраға** **Б. Тәшенов**